



ҚАУЛЫ

2018 жылғы 04 ақпан  
Үлкен Нарын ауылы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 50  
село Улкен Нарын



Азамат Нуржан Малгаждарович Игибаевқа  
мал жаю үшін жер учаскесіне уақытша өтеусіз  
5 жыл мерзімге жер пайдалану  
құқығын беру туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 17, 36, 43, 97 - баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабының 1, 2 - тармақтарына, 2016 жылғы 18 қазандағы Катонқарағай ауданының жер бөлу комиссиясы отырысының № 10 хаттамасына, азамат Нуржан Малгаждарович Игибаевтың шаруашылықаралық жерге орналастыру жобасына сәйкес, Катонқарағай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Есептік кварталы 05-071-027 аумағының босалқы жерінен, жалпы ауданы – 283,0 гектар, оның ішінде: суландырылған жайылым – 282,5 гектар, басқа жерлер (дала жолы) – 0,5 гектар жер учаскесі ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жер санатына ауыстырылсын.

2. Азамат Нуржан Малгаждарович Игибаевқа Өрел ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 10,9 шақырым жерде орналасқан, есептік кварталы 05-071-027 мал жаю үшін, жалпы ауданы – 283,0 гектар, оның ішінде: суландырылған жайылым – 282,5 гектар, басқа жерлер (дала жолы) – 0,5 гектар уақытша өтеусіз 5 жыл мерзімге (жалдау) жер пайдалану құқығы берілсін.

2. Шектеулер:

- Қаракоба өзенінің су қорғау аймағында шаруашылық әрекеттер шектелсін ;
- басқа меншік иелерімен және жер пайдаланушылардың осы учаске арқылы өтуіне сервитут белгіленсін.

3. «Катонқарағай ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі азамат Нуржан Малгаждарович Игибаевпен аталған қаулының 2- тармағына сәйкес, жер учаскесін пайдалану туралы келісім – шарт жасасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е. Бексултановқа жүктелсін.

Аудан әкімі



А.Нұрғожин